4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушы иеленуші шешімдер)	Құжаттарды қабылдағаны туралы талон	резюлюцияға қол қою	Хабарламаны немесе бастарту себептері көрсетілген жауаптың жобасын дайындау	Хабарлама немесе бастарту себептері көрсетілген жауапқа қол қою	Анықтама немесе бастарту себептері көрсетілген жауап беру
5	Орындау уақыттары	15 минуттан артық емес	1 күн	4 күн	2 күн	15 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2-баған	3-баған	4 баған	5 баған	

"Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне  
2-қосымша

**Бөлімге жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету сызбанұсқасы**



А қ с у қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1  
 т а м ы з д а ғ ы N 5 5 3 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
 б е к і т і л д і

## **"18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету Регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау".

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 394 қаулысымен бекітілген "18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" стандарты негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - стандарт).

4. Мемлекеттік қызмет:

1) Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне өтінген жағдайда (бұдан әрі - бөлім)/

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Советов көшесі 10, телефон: 8 (71837) 67517, демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, электрондық пошта мекенжайы [zanak@yandex.kz](mailto:zanak@yandex.kz);

2) Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайы бойынша азаматтардың ауылдық округінің әкіміне өтіну;

3) Ақсу қаласының филиалы "Павлодар облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесіне өтінген жағдайда (бұдан әрі - орталық).

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Ленин көшесі 10, телефон 8 (71837) 69060, жұмыс уақыты сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз, демалыс күні - жексенбі; электрондық пошта мекен жайы [aksu.sop@mail.ru](mailto:aksu.sop@mail.ru).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жәрдемақы тағайындау туралы туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

1) бөлімге өтінген жағдайда, тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) селолық округінің әкіміне өтіну - отыз күнтізбелік күн;

3) Орталыққа өтінген жағдайда – он күнтізбелік күн ішінде (құжаттарды қабылдау мен беру күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне жатпайды).

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты кезектегі адамдар санына байланысты уәкілетті орган мен ауылдық округ әкімінде – 15 минут, орталықта – 30 минут.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты өкілетті органда 15 минут, ауылдық округінің әкімінде және орталықта - 30 минут.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

7. Стандарттың 11 тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырғанан соң тұтынушыға мыналар беріледі:

1) өкілетті органға немесе ауылдық округінің әкіміне өтініш білдірген кезде - барлық құжаттарды алғаны туралы талон, тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні және құжаттарды қабылдап алған жауапты тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі;

2) Орталықта толық құжаттардың алынғаны туралы қолхат.

8. Бөлім мемлекеттік қызметті көрсетуден стандарттың 16 тармағында көрсетілген жағдайда бас тартуы мүмкін.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету барысына қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (одан әрі - ҚФБ):

1) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға жәрдемақы тағайындау және төлеу жөніндегі бас маман;

2) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы;

3) селолық округ әкімі аппаратының маманы;

4) селолық округ әкімі.

10. Осы регламенттің 2 қосымшасына сәйкес орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-нің қарапайым реттілігі мен әкімшілік іс-әрекет (рәсімі) әрекеттестігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы белгіленген.

11. Осы регламенттің 3 қосымшасында ҚФБ және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде әкімшілік іс-әрекеттің логикалық реттілігінің өзара байланысы кестесі сипатталған.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

"18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

N	Селолық округтердің аты	мекенжайы	телефон N
1	Ақсу кенті	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Ақсу кенті, Шевченко кошесі, 39	8-718-37-3 02 32

2	Қалқаман ауылы	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қалқаман ауылы	78 2 97
3	Алғабас ауылы	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Алғабас ауылы	79 6 75
4	Үштерек ауылы	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Үштерек ауылы	77 2 30
5	Айнакөл селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Айнакөл ауылы	70 2 44
6	Ақжол селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Ақжол ауылы	78 3 82
7	Достық селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Достық ауылы	41 5 49
8	Евгеньевка селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Евгеньевка ауылы	74 4 10
9	Еңбек селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Путь Ильича ауылы	73 6 01
10	Жолқұдық селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Жолқұдық ауылы	79 5 16
11	М. Омаров атындағы селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М. Омаров атындағы ауылы	41 0 38
12	Құркөл селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Құркөл ауылы	41 2 49
13	Қызылжар селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қызылжар ауылы	70 7 00
14	Пограничный селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Пограничник ауылы	41 7 41
15	Сарышығанақ селолық округі	Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Сарышығанақ ауылы	40 2 00

"18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне  
2-қосымша

## 1-Кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктері (ҚФБ) іс-әрекеттерінің сипаттамасы

### 1. бөлімге өтінген жағдайда

1	№ действия (хода, потока работ)	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы	жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы



3	Іс-әрекет-тер (үдерістің, тәртіптің, мәміленің) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты дайындау	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты қарастыру	Кіріс хат-хабар журналына тіркеу
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушы-иеленуші шешімдер)	Құжаттарды қабылдағаны туралы талон	Хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген хабарлама жобасы	Хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапқа қол қою	Хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты беру
5	Орындау уақыттары	15 минут артық емес	7 күн	1 күн	15 минут артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2-баған	3-баған	4-баған	

## 2-Кесте. Құрылымдық-функционалдық бірліктері (ҚФБ) іс-әрекеттерінің сипаттамасы

### 2) ауылдық округ әкіміне өтінген кезде

1	Іс әрекеттер N	1	2	3	4	5	6
2	ҚФБ атауы	Селолық округ әкімі аппаратының маманы	Селолық округ әкімі	мемлекеттік жәрдемақылар тағайындайтын бас маман	жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы	мемлекеттік жәрдемақылар тағайындайтын бас маман	Селолық округ әкімі аппараты маманы
3	Іс-әрекеттер (үдерістің, тәртіптің, мәміленің) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексеру	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты дайындау	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты қарастыру	Кіріс хат-хабар журналына тіркеу	Кіріс хат-хабар журналына тіркеу


4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушы-иеленуші шешімдер)	Құжаттарды қабылдағаны туралы талон	Құжаттарды бөлімге тапсыру	Хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген хабарлама жобасы	Хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапқа қол қою	Селолық округ әкім аппараты маманына мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау туралы хабарламаны немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты беру	Хабарла немесе тарту себепте көрсетіл жауапты беру
5	Орындау уақыттары	15 минут артық емес	9 күн	5 күн	5 күн	9 күн	15 минут артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2-баған	3-баған	4-баған	5-баған	6-баған	

"18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 3-қосымша

**а) Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету сызбанұсқасы**



**б) Ауылдық округ әкіміне өтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету сызбанұсқасы**



А қ с у қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1  
 т а м ы з д а ғ ы N 5 5 3 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
 б е к і т і л д і

**"Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету Регламенті**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 07 сәуірдегі "Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу" N 394 қаулысымен бекітілген стандарт негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - стандарт).

4. Мемлекеттік қызмет:

1) "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - бөлім) ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Советов көшесі 10, телефоны, факс: 8 (71837) 63847, жұмыс кестесі сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, демалыс – сенбі, жексенбі және мереке күндері; электрондық пошта мекенжайы: zanak@yandex.kz.

2) "Павлодар облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік мекемесі филиалы арқылы өтінген жағдайда (бұдан әрі – орталық).

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Ленин көшесі 10, телефон, факс: 8 (71837) 69060, , жұмыс уақыты сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз, демалыс күні - жексенбі; электрондық пошта мекенжайы: aksu.son@mail.ru.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу туралы хабарлама не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап:

1) бөлімге жүгінгенде – 10 жұмыс күні ішінде;

2) орталыққа жүгінгенде - 10 жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне құжаттарды (нәтижесін) қабылдау және беру күн кірмейді).

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (талон алғанға дейін) 30 минут артық емес.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты өкілетті органда 15 минут, орталықта - 30 минут.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-қимылдардың сипаттамасы**

7. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесін ұсыну қажет.

Барлық қажетті құжаттарды тапсырған соң тұтынушыға:

1) бөлімге жүгінген кезде - тіркелген уақыты және мемлекеттік қызметті алу уақыты мен құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты-жөні көрсетілген талон беріледі;

2) орталыққа жүгінген кезде – сұраныстың нөмірі мен қабылданған күні, сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі, қоса беріліп отырған құжаттардың саны мен атауы, құжаттарды берген күні (уақыты) мен орны, құжаттарды ресімдеу үшін өтінішті қабылдаған орталықтың инспекторының тегі, аты-жөні көрсетілген қолхат.

8. Бөлім Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы мүмкін.

9. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттары мазмұнының қорғалуын және ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етеді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш білдірген кезде:

1) мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектордың бас маманы ;

2) мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектор меңгерушісі;

3) бөлім бастығы .

11. Осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір ҚФБ-нің қарапайым реттілігі мен әкімшілік іс-әрекет (рәсімі) әрекеттестігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы белгіленген.

12. Осы регламенттің 2 қосымшасында ҚФБ және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде әкімшілік іс-әрекеттің логикалық реттілігінің өзара байланысы кестесі сипатталған.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

13. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.


"Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

# 1-кесте. Бөлімге өтінген жағдайда құрылымдық-функционалдық бірліктері (ҚФБ) іс-әрекеттерінің сипаттамасы

N	Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-әрекеті					
1	Іс-әрекеттердің (жұмыстың барысы, ағыны) N	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектордың бас маманы	Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектор меңгерушісі	Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектордың бас маманы	Бөлім бастығы	Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі сектордың бас маманы
3	Іс-әрекеттер (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарау	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты дайындау	Тұтынушы тапсырған құжаттарды қарастыру	Анықтама беру журналына тіркеу
4	Аяқталу нысаны	Құжаттардың қабылданғандығы туралы талон	Резолюцияға қол қою	Хабарлама жобасы немесе бас тарту себептері көрсетілген жауап	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапқа қол қою	Анықтама немесе бас тарту себептері көрсетілген жауапты беру
5	Орындау уақыттары	15 минуттан артық емес	1 күн	4 күн	2 күн	15 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2-баған	3-баған	4-баған	5-баған	

"Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттар ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне  
2-қосымша

## Бөлімге өтінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету сызбасы



А қ с у қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1  
т а м ы з д а ғ ы N 5 5 3 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілді

### "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету Регламенті

#### 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Тұрғын үй көмегін тағайындау".
2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.



3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметтің негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - стандарт).

#### 4. Мемлекеттік қызмет:

1) "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы өтінген жағдайда (бұдан әрі - бөлім) ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Советов көшесі 10, телефоны, факс: 8 (71837) 63859, жұмыс кестесі сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, демалыс – сенбі, жексенбі және мереке күндері; электрондық пошта мекенжайы: zanak@yandex.kz.

2) "Павлодар облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік мекемесі филиалы арқылы өтінген жағдайда (бұдан әрі - орталық).

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Ленин көшесі 10, телефон, факс: 8 (71837) 69060, электрондық пошта мекенжайы: aksu.son@mail.ru.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама немесе қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауап болып табылады.

#### 6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) бөлімге өтінген жағдайда қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 күн ішінде.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты - 10 минут.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті тұтынушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 10 минут;

2) орталыққа өтінген жағдайда қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: он жұмыс күн ішінде (мемлекеттік қызметке құжат (нәтиже) қабылдау және беру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді).

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты - 30 минут.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті тұтынушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-қимылдардың (өзара әрекеттерінің) сипаттамасы**

7. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін стандарттың 11 тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін ұсыну қажет.

Барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде тұтынушыға:

1) бөлімге өтінген жағдайда – тіркеу және тұтынушының мемлекеттік қызметті алу күні және құжаттарды қабылдаған тұлғаның тегі, аты жөні көрсетілген талон;

2) орталыққа өтінген жағдайда – өтініштің нөмірі мен қабылдаған күні, сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі, қоса берілген құжаттардың саны мен атауы, орталықтың құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған жауапты инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

8. Бөлім Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметті көрсетуді тоқтата тұрудың негізі Ақсу қалалық мәслихаттың шешімімен анықталады.

9. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттары мазмұнының қорғалуын және ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етеді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ): бөлімге өтінген жағдайда:

1) тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі сектордың маманы;

2) тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі сектор меңгерушісі;

3) бөлім бастығы.

11. ҚФБ-ның іс-әрекеттерінің тізбектілігі осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

12. Іс-әрекеттердің және ҚФБ-інің логикалық бірлігі арасындағы өзара байланыс көрсетілген сызба осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

13. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша


### **1-кесте. Бөлімге өтінген жағдайда құрылымдық-функционалдық бірліктері (ҚФБ) іс-әрекеттерінің сипаттамасы**

Негізгі үдерістің (

N	жұмыс барысының , ағынының) іс-әрекеті				
1	Іс-әрекеттердің ( жұмыстың барысы , ағыны) N	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі сектордың маманы	Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі сектор меңгерушісі	Бөлім бастығы	Тұрғын үй көмегін тағайындау жөніндегі сектордың маманы
3	Іс-әрекеттер ( үдерістің, рәсімнің , операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтінішті қабылдау, Стандарттың 11 т. көрсетілген құжаттарды өңдеу, кірісті санау, тұрғын үй көмегін тағайындау (бас тарту) туралы шешім шығару	Құжаттарды тексеру , тағайындалған тұрғын үй көмегінің сомасы көрсетілген есептерді, дайындау	Тағайындалған тұрғын үй көмегінің сомасы көрсетілген тізімдерді (тізімдерді), есептерді қарастыру	Тұтынушыларға тағайындалған тұрғын үй көмегінің сомасын аударуға құжаттарды дайындау
4	Аяқталу нысаны	Тағайындалған тұрғын үй көмегінің сомасы көрсетілген талон немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауапты беру	Қызмет көрсетушілерге аудару үшін тағайындалған тұрғын үй көмегінің сомасы көрсетілген тізімдерді (тізімдерді) дайындау	Ақшалай қаражатты аудару туралы құжаттарға қол қою	Тұтынушыларға тұрғын үй көмегін аудару
5	Орындау уақыттары	10 минут	5 күн	1 күн	3 күн
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2-баған	3-баған	4-баған	

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

**Бөлімге өтінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету сызбасы**



А қ с у қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1  
т а м ы з д а ғ ы N 5 5 3 / 6 қ а у л ы с ы м е н  
б е к і т і л д і

**"Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету Регламенті**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің атауы: "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу".

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 7 сәуірдегі " Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" N 394 қаулысымен бекітілген қаулысы негізінде көрсетіледі (бұдан әрі - стандарт).

4. Мемлекеттік қызмет:

1) "Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - бөлім) ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Советов көшесі 10, телефоны, факс: 8 (71837) 67517, жұмыс кестесі сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, демалыс – сенбі, жексенбі; электрондық пошта мекенжайы: zanak@yandex.kz.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып әлеуметтік көмекті тағайындау туралы хабарлама немесе қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 күнтізбелік күнді құрайды.

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты( талон алғанға дейін) - 30 м и н у т .

Тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті тұтынушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 15 минут.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында іс-қимылдардың (өзара әрекеттерінің) сипаттамасы**

7. Осы мемлекеттік қызметті алу үшін қалалық мәслихаттың шешімінде көрсетілген қажетті құжаттар тізбесін ұсыну қажет.

Барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде тұтынушыға тіркелген уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты-жөні көрсетілген талон беріледі. Құжаттар салыстыру үшін көшірмелері мен түпнұсқалары ұсынылып, одан кейін түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады.

8. Бөлім Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы мүмкін.

9. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттары мазмұнының қорғалуын және ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етеді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш білдірген кезде:

1) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы;

2) б ө л і м б а с т ы ғы .

11. ҚФБ-ның іс-әрекеттерінің тізбектілігі осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген .

12. Іс-әрекеттердің және ҚФБ-інің логикалық бірізділігі арасындағы өзара байланыс көрсетілген сызба осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

13. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне  
1-қосымша

### **1-кесте. Бөлімге өтінген жағдайда құрылымдық-функционалдық бірліктері (ҚФБ) іс-әрекеттерінің сипаттамасы**

N Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағынының) іс-әрекеті					
1	Іс-әрекеттердің (жұмыстың барысы, ағыны) N	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманы	Бөлім бастығы	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманы
3	Іс-әрекеттер (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Хабарлама жобасын немесе бас татту себептері көрсетілген нақты жауапты дайындау	Хабарлама жобасы немесе бас татту себептері көрсетілген нақты жауапты қарастыру	Журналда тіркеу

4	Аяқталу нысаны	Талонды беру	Хабарлама жобасы немесе бас тарту себептері көрсетілген нақты жауап	Хабарлама жобасынанемесе бас тарту себептері көрсетілген нақты жауапқа қол қою	Хабарлама жобасын немесе бас тарту себептері көрсетілген нақты жауапты беру
5	Орындау уақыттары	15 минуттан артық емес	10 күн	3 күн	15 минуттан артық емес
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2 баған	3 баған	4 баған	

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне  
2-қосымша

**Бөлімге өтінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету сызбасы**

